



БҰЙРЫҚ

2019 жыл 2 қыркүйек
Ақтөбе қаласы

ПРИКАЗ

№314 п/к
город Актөбе

*Тесін ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңы 8-бабының 4-1 тармағы негізінде бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидалары» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №326 қаулысына қосымша «Орта білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларын және жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектепте бір мәрте тамақтандыру нормалары» (15-қосымша) негізінде дайындалған аз қамтылған білім алушыларды тамақтандыру негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2019 ж. 18 наурыз №2 ЖК «Уралбаева Г.А.» -меп жасалған келісім шарт бойынша 2019 жылдың 18 наурызынан 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен әлеуметтік педагог оқушылар қозғалысы нәтижесінде 1-11 класс оқушыларының жекелеген санаттағы білім алушылар санын анықтап, есеп бөліміне тапсырылсын.
3. Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға және тағамдарды дайындау сапасына бақылау жасау заңнамаға сәйкес жүзеге асырылсын.
4. Мектептің медицина қызметкері күнсайын санитарлық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасын органолептикалық бағалау жасасын.
5. Асханасында қолданыстағы санитарлық нормалардың сақталуына тұрақты бақылау жасалып, тағамдардың С-витамендеуін жүргізеді, асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуін қатан бақылансын.
6. Дайын тағамнан тәуліктік сынама алу санитарлық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын.
7. Мектепте ата-аналар комитеті өкілдерінің, мектептің медицина қызметкерінің және класс жетекшілердің міндетті қатысуымен тамақтандырудың ұйымдастырылуына және сапасына бақылау жасау жөніндегі комиссия құрылсын. Ата-аналар комитетінің өкілі комиссия төрағасы болып тағайындалсын.
8. Комиссия жұмысының қорытындылары анықтама түрінде рәсімделсін, кейін ол мектептің педагогикалық кеңесінде, өндірістік кеңеске қаралсын.
9. Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – С.Ж.Таяуоваға және әлеуметтік педагог – Б.Жасановаға жүктелсін.

Мектеп директоры *И.Амитжанова*

